

2004 жылғы 1 маусымда Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Министрлер Кабинеті арасындағы Қазақстан мұнайының Украинаға жеткізілімі және оның Украина аумағы бойынша транзиті жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 қаңтардағы N 68 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған 2004 жылғы 1 маусымда Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Министрлер Кабинеті арасындағы Қазақстан мұнайының Украинаға жеткізілімі және оның Украина аумағы бойынша транзиті жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі Бактықожа Салахатдинұлы Ізмұхамбетовке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер енгізуге рұқсат бере отырып, 2004 жылғы 1 маусымда Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Министрлер Кабинеті арасындағы Қазақстан мұнайының Украинаға жеткізілімі және оның Украина аумағы бойынша транзиті жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

2004 жылғы 1 маусымда Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Министрлер Кабинеті арасындағы Қазақстан мұнайының Украинаға жеткізілімі және оның Украина аумағы бойынша транзиті жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ХАТТАМА

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Министрлер Кабинеті (бұдан әрі

-

Т а р а п т а р)

2004 жылғы 1 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Министрлер Кабинеті арасындағы Қазақстан мұнайының Украинаға жеткізілімі және оның Украина аумағы бойынша транзиті жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімнің (

бұдан әрі - Келісім) 16-бабына сәйкес
төмендегілер туралы уағдаласты:

Келісімнің 5-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

"Шарт кезеңінде Қазақстан мұнайының жеткізілімі мен транзитінің көлемін анықтау кезінде Тараптар тасымалдаудың ықтимал көлемін және Украинаның магистральдық мұнай құбырларының қазіргі кездегі мүмкіндіктерін ескеретін болады.

Қазақстан тарапы өзінің уәкілетті ұйымы арқылы жыл сайын Украина тарапын Украина аумағы бойынша жеткізілім мен транзитке арналған Қазақстан мұнайының тиісті кезеңге арналған ықтимал көлеміне қатысты хабардар етеді.

Украина тарапы өзінің уәкілетті ұйымы арқылы жыл сайын Қазақстан тарапын Қазақстан мұнайын тасымалдауды қамтамасыз ету үшін Украинаның магистральдық мұнай құбырларының өткізу қуаттарына қатысты хабардар етеді.

Тараптар Қара теңізге қазақстандық ресурстарды жеткізу үшін 52 км-ге созылатын "Снигиревка - Одесса" - "Пивденный" ММҚ" мұнай құбырының 154-ші км" құрылысының жобасын іске асыру жөніндегі бірлескен қызметті жүзеге асыру мүмкіндігін қарастырады.

Тараптар еуропа нарығына мұнайдың түрлі сорттарын тасымалдау, сондай-ақ осы үшін құрылған мұнай-көлік инфрақұрылымын кеңейту және пайдалану жөніндегі жобаларды іске асыруда ынтымақтасады".

Бұл Хаттама Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады, Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап күшіне енеді.

2007 жылғы "___" _____ қаласында әрқайсысы украин, қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды, бұл ретте барлық мәтіндер бірдей. Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін *Кабинеті үшін*

Украина Министрлер